**"Кәсіпорындар статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 6 қазандағы № 151 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 30 қарашадағы № 291 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 26 желтоқсанда № 14572 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 6 қарашадағы № 157 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 06.11.2017 № 157 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

*РҚАО-ның ескертпесі!*

*Осы бұйрық 01.01.2017 ж. бастап қолданысқа енгізіледі*

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабы 3) және 8) тармақшаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 260) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. "Кәсіпорындар статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 6 қазандағы № 151 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12228 болып тіркелген, 2015 жылғы 20 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 1), 2), 3), 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

1) "Жаңа кәсіпорындарға пікіртерім жүргізу" жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 1711105, индексі 1-НП, кезеңділігі біржолғы) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) "Жаңа кәсіпорындарға пікіртерім жүргізу" жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

(коды 1711105, индексі 1-НП, кезеңділігі біржолғы) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес;

3) "Экономикалық қызмет түрлері туралы есеп" жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 131111001, индексі 1-СР , кезеңділігі жылына бір рет) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес;

4) "Экономикалық қызмет түрлері туралы есеп" жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (коды 131111001, индексі 1-СР, кезеңділігі жылына бір рет) осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйке;";

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық ресми жариялауға жатады және 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Ұлттық экономика министрлігі*
*Статистика комитетінің төрағасы* — *Н. Айдапкелов*

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитеті
төрағасының
2016 жылғы 30 қарашадағы
№ 291 бұйрығына 1-қосымша

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді
Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики

Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны
Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Қазақстан Ұлттық экономика Статистика Төрағасының 2016 жылғы № 291 бұй
Приложение 1 к Комитета по ст Национальной экономи Казахстан от 30 ноября 2016 года № 291

Аумақтық статистика органына тапсырылады
Представляется территориальному органу статистики

| Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағ<br>Время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужн | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 сағатқа дейін<br>до 1 часа | 1-2 | 2-4 | 4-8 | 8-40 | 40 са<br>боле |

Статистикалық нысан www.stat.gov.kz сайтында орналастырылған
Статистическая форма размещена на сайте www.stat.gov.kz

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастап Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделге
Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы г административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об адми

Статистикалық нысан коды 1711105
Код статистической формы 1711105

Жаңа кәсіпорындарға
Опрос новых предприятий

1-НП

Біржолғы
Единовременная

Есепті кезең
Отчетный период

| | |
|---|---|
| | |

ай
месяц

Ақпаратты облыстық, қалалық, аудандық статистика органдарына жаңадан құрылған заңды тұлғалар және (немесе мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап 30 күнті
Информацию представляют вновь созданные юридические лица и (или) их филиалы и представительства в обл нахождения в течение 30 календарных дней со дня государственной регистрации в органах юстиции.

БСН коды
код БИН

**Құрметті респондент! Сізді қызметті бастауыңызбен құттықтаймыз!**

Статистика органымен өзара іс-қимыл жасау үшін келесі сұрақтарға жауап беруіңізді және толтырылған сауалнаманы статистиканың тиісті бөлімшесіне жолдауыңызды сұраймыз.

**Уважаемый респондент! Поздравляем Вас с началом деятельности!**

Для взаимодействия с органами статистики просим ответить на следующие вопросы и направить заполненную анкету в соответствующее подразделение статистики.

**Сұрақтарға жауап бергенде сұраққа қарама-қарсы орналасқан тиісті жолды толтырыңыз немесе тиісті ұяшықтарға "V" белгісін қойыңыз.**

При ответе на вопрос, пожалуйста, заполните соответствующие поля напротив вопроса, либо поставьте отметку "V" в соответствующей ячейке.

**1. Кәсіпорынның нақты мекенжайын көрсетіңіз:**

2. Укажите, пожалуйста, фактический адрес предприятия:

| | |
|---|---|
| Почта индексі<br>**Почтовый индекс** | |
| **Облыс**<br>Область | |
| **Қала, аудан (немесе қаланың ауданы)**<br>Город, район, (или район города) | |
| **Елді мекен (ауыл)**<br>Населенный пункт | |
| **Орналасқан жері (көше, даңғыл)**<br>Местонахождение (улица, проспект) | |
| **Үйдің және кеңсенің (пәтердің) нөмірі**<br>Номер дома и офиса (квартиры) | |
| **Телефон** | |
| Факс | |
| **Электрондық мекенжайы**<br>Электронный адрес | |

**2. Сіздің кәсіпорныңызда статистика органдарымен өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша кімге жүгінуге болады?**

К кому на Вашем предприятии можно обращаться по вопросам взаимодействия с органами статистики?

| | | | |
|---|---|---|---|
| Кәсіпорын басшысына<br>**К руководителю предприятия** | ☐ | Өзге тұлғаға (егер "Өзге тұлғаға" белгіленсе Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), жеке К руководителю предприятия сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН), телефонын, электрондық мекенжайын толтырыңыз)<br>**К иному лицу (если отмечено "К иному лицу" заполните Фамилию, имя, отчество, индивидуальный идентификационный номер (далее - ИИН), телефон, электронный адрес)** | ☐ |

| | |
|---|---|
| **Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)**<br>Фамилия, имя, отчество (при его наличии) | |
| | |

| | |
|---|---|
| **Ж С Н**<br>ИИН | |
| **Т е л е ф о н ы**<br>Телефон | |
| **Электрондық мекенжайы**<br>Электронный адрес | |

**3. Сіздің кәсіпорныңыз қандай қызмет түрін жүзеге асыратынын көрсетіңіз:**

Укажите, пожалуйста, какого рода деятельность будет осуществлять Ваше предприятие:

| |
|---|
| Тауар өндірісі (қандай тауарлар екенін көрсетіңіз)<br>**Производство товаров (укажите, каких товаров)** |
| **Қызмет көрсету (қандай қызметтер екенін көрсетіңіз)**<br>Оказание услуг (укажите, каких услуг) |
| **Сауда (қандай тауарлармен екенін көрсетіңіз, бөлшек немесе көтерме сауда)**<br>Торговля (укажите, торговля какими товарами, оптом или в розницу) |
| **Б а с қ а ( н а қ т ы н е е к е н і н к ө р с е т і ң і з )**<br>Другое (укажите, что именно) |

**4. Көрсетіңіз:**

Укажите, пожалуйста:

| |
|---|
| Тіркелген сәттен бастап жыл ішінде күтілетін қызметкерлердің тізімдік саны (адам)<br>**Численность работников на момент регистрации (человек)** |
| **Тіркелген сәттен бастап жыл ішінде күтілетін қызметкерлердің тізімдік саны (адам)**<br>Ожидаемую списочную численность работников в течение года с момента регстрации (человек) |

**5. Сіздің кәсіпорныңыз қандай да бір экономикалық қызмет түрін жүзеге асыра ма (яғни өнім өндіреді, өткізеді немесе қызметтер көрсетеді):**

Осуществляет ли Ваше предприятие какую-либо экономическую деятельность (то есть, осуществляет производство продукции, реализацию товаров, оказание услуг и другое):

| | |
|---|---|
| ☐ | Ж ү з е г е а с ы р а д ы<br>осуществляет |
| ☐ | Ж ү з е г е а с ы р м а й д ы<br>не осуществляет |

**Атауы** **Мекенжайы**

Наименование ________________________ Адрес _______________ ______________

______________________________________________________________________ _______________

Телефон __________________________

**Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)**

Адрес электронной почты (респондента) ___________________________

Алғашқы деректерді **жариялауға келісеміз**[3] ☐
Согласны на опубликование первичных данных

Алғашқы деректерді **жариялауға келіспейміз**[3] ☐
Не согласны на опубликование первичных данных

**Орындаушы**
Исполнитель ______________________________________ ______________________

**тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)** **телефон**
фамилия, имя и отчество (при его наличии)

**Бас бухгалтер**
Главный бухгалтер ________________________________ ______________________

**тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)** **қолы**
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

**Басшы**
Руководитель ______________________________________ ______________________

**тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)** **қолы**
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

**Мөрдің орны (бар болған жағдайда)**
Место для печати (при наличии)

**Ескертпе:**
Примечание:

[3] **Осы тармақ Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік статистика туралы" Заңының 8-бабының** 5-тармағына **сәйкес толтырылады**

Данный пункт заполняется согласно пункту 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан "О государственной статистике"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
2016 жылғы 30 қарашадағы
№ 291 бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
2015 жылғы 6 қазандағы
№ 151 бұйрығына 2-қосымша

## "Жаңа кәсіпорындарға пікіртерім жүргізу"
## (коды 1711105, индексі 1-НП, кезеңділігі біржолғы)

**жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың**
**статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы "Жаңа кәсіпорындарға пікіртерім жүргізу" (коды 1711105, индексі 1-НП, кезеңділігі біржолғы) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленген және "Жаңа кәсіпорындарға пікіртерім жүргізу" (коды 1711105, индексі 1-НП, кезеңділігі біржолғы) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі - статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

1) кәсіпорын қызметінің негізгі түрі - қосылған құны субъект жүзеге асыратын қызметтің басқа кез келген түрінің қосылған құнынан асатын қызмет түрі;

2) қосалқы қызмет түрі - үшінші тұлғалар үшін азық-түліктерді өндіру мақсатында жүзеге асырылатын негізгі қызметтен өзге қызмет түрі;

3) тізімдік саны - азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыстарды орындайтын тұлғалардан, сондай-ақ қосымша қызмет бойынша жұмысқа қабылданғандардан басқа оның жасалу мерзіміне қарамастан, еңбек шарты бойынша жұмысқа қабылданған тұлғалар саны.

3. 1-бөлімде кәсіпорынның мекенжайы бөлігі бойынша ақпарат көрсетіледі.

4. 2-бөлімде кәсіпорынның байланыс жасайтын тұлғалары жөніндегі ақпарат көрсетіледі.

5. 3-бөлімде кәсіпорын қандай қызметпен айналысқалы жатқанын көрсету қажет.

6. 4-бөлімде кәсіпорында жұмыспен қамтылғандардың саны жөніндегі деректер көрсетіледі.

7. 5-бөлімде ағымдағы кезеңге кәсіпорынның қызмет түрін жүзеге асыруы туралы ақпарат көрсетіледі.

8. Респондентте есепті кезеңде осы статистикалық нысан бойынша деректер болмаған жағдайда респондент ағымдағы кезеңнің аяқталатын күнінен кешіктірмей нөлдік көрсеткіштермен статистикалық нысанды (дерексіз нысан) ұсынады.

9. Осы статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының

2016 жылғы 30 карашадағы
№ 291 бұйрығына 3-қосымша

| | | |
|---|---|---|
| | Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді<br>Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики | Қазақстан Ұлттық экономика Статистика Төрағасының 2016 жылғы № 291 бұйр<br>Приложение 3 к Комитета по ст Национальной экономи Казахстан от 30 ноября 2016 года № 291 |
| | Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны<br>Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения | |

| | |
|---|---|
| Аумақтық статистика органына тапсырылады<br>Представляется территориальному органу статистики | Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағатпен (қаж<br>Время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести) |
| Статистикалық нысан www.stat.gov.kz сайтында орналастырылған<br>Статистическая форма размещена на сайте www.stat.gov.kz | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 сағатқа дейін | 1-2 | 2-4 | 4-8 | 8-40 | 40 сағаттан а |
| до 1 часа | | | | | более 40 часо |

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және баст ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделге
Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие орган являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан

| | |
|---|---|
| Статистикалық нысан коды 131111001<br>Код статистической формы 131111001 | Экономикалық қызмет түрлері<br>Отчет о видах экономической деятельности |
| 1-СР | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Жылына бір рет<br>Один раз в год | Есепті кезең<br>Отчетный период | қаңтар-қыркүйек<br>январь-сентябрь | | | |

Есептік кезеңде тіркелген, ағымдағы жылдың 1-3 кәсіпорынның қызметі туралы есеп" статистикалық қоспағанда, қызметкерлерінің саны 100 адамнан қызметпен айналысатын заңды
Представляют юридические лица, занимающиеся предпринимательской деятельностью с численностью работнико статистическую форму "Отчет о деятельности малого предприятия" 2-МП в 1-3 квартале текущего года,
Тапсыру мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі 31-ші қа
Срок представления – до 31 октября (включительно) после отчетного периода.

| | |
|---|---|
| БСН коды<br>код БИН | |

| |
|---|
| 1. Есепті кезеңдегі қызметкерлердің тізімдік санын көрсетіңіз,<br>Укажите списочную численность работников в среднем за отчетный период, человек |
| 2. Сіздің кәсіпорныңыз есепті кезеңде қ<br>экономикалық қызмет түрін жүзеге асырды ма (өндірілген өнім, өткізілген тауар, көрсетілген қызметтер және ба<br>белгіленеді)<br>В отчетном периоде осуществляло ли Ваше предприятие какую-либо экономическую деятельность (то есть, о<br>реализацию товаров, оказание услуг и другое)(отмечается знаком ) |

| | | |
|---|---|---|
| 2.1. жүзеге асырды<br>осуществляло | ☐ | 2.2. жүзеге асы<br>не осуществляло |

| |
|---|
| Егер Сіз 2.1. тармақты толтырсаңыз, о<br>Если Вы заполнили пункт 2.1., то переходите к пункту 3 |
| 3. Егер Сіздің кәсіпорныңыз қандай да бір экономикалық қызмет түрін (өндірілген (өткізілген) тауар және (неме<br>кестені<br>Если Ваше предприятие осуществляло какую-либо экономическую деятельность (производство(реализацию)товар |

| Р/с № №<br>п/п | Экономикалық қызмет түрінің атауы<br>Наименование вида экономической деятельности | Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіш коды (комитеттің ре<br>stat.gov.kz >>Жіктеуіштер>>Статистикалық жіктелімдер) Экономикалық<br>сәйкес<br>Код Общего классификатора видов экономической деятельности (заполн<br>видов экономической деятельности, которая размещена на официально<br>Классификаторы>> Статистические классификации) |
|---|---|---|
| А | В | 1 |
| 1 | | ☐<br>☐<br>☐<br>☐<br>☐ |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | | ☐<br>☐<br>☐<br>☐<br>☐ |
| 3 | | ☐<br>☐<br>☐<br>☐<br>☐ |
| 4 | | ☐<br>☐<br>☐<br>☐<br>☐ |
| 5 | | ☐<br>☐<br>☐<br>☐<br>☐ |
| 6 | | ☐<br>☐<br>☐<br>☐<br>☐ |
| | | ☐<br>☐ |

| 7 | | ☐<br>☐<br>☐ |
|---|---|---|

**Атауы** **Мекенжайы**

Наименование ________________________ Адрес ______________
_____________

____________________________________________________________________
______________

Телефон __________________________

**Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)**

Адрес электронной почты (респондента) ____________________________

Алғашқы деректерді **жариялауға келісеміз**[2] ☐ Согласны на опубликование первичных данных

Алғашқы деректерді **жариялауға келіспейміз**[2] ☐ Не согласны на опубликование первичных данных

**Орындаушы**

Исполнитель _____________________________________ _____________
________

**тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)** **телефоны**

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

**Бас бухгалтер**

Главный бухгалтер ________________________________ _____________
________

**тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)** **қолы**

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись подпись

**Басшы**

Руководитель _____________________________________ ____________
_________

**тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)** **қолы**

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись подпись

**Мөрдің орны (бар болған жағдайда)**

Место для печати (при наличии)

**Ескертпе:**

Примечание:

[2] **Осы тармақ Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік статистика туралы" Заңының 8-бабының** 5-тармағына **сәйкес толтырылады**

Данный пункт заполняется согласно пункту 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан "О государственной статистике"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
2016 жылғы 30 қарашадағы
№ 291 бұйрығына 4-қосымша
Қазақстан Республикасы Ұлттық
экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
2015 жылғы 6 қазандағы
№ 151 бұйрығына 4-қосымша

## "Экономикалық қызмет түрлері туралы есеп" (коды 131111001, индексі 1-СР кезеңділігі жылына бір рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. "Экономикалық қызмет түрлері туралы есеп" (коды 131111001, индексі 1-СР, кезеңділігі жылына бір рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) " Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Экономикалық қызмет түрлері туралы есеп " (коды 131111001, индексі 1-СР, кезеңділігі жылына бір рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі - статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында келесі анықтамалар қолданылады:

1) кәсіпорын қызметінің негізгі түрі - қосылған құны субъекті жүзеге асыратын қызметтің кез келген басқа қызмет түріне қосылған құннан асатын қызмет түрі;

2) қосалқы қызмет түрі - үшінші тұлғалар үшін азық-түліктерді өндіру мақсатында жүзеге асырылатын негізгі қызметтен өзге қызмет түрі;

3) тізімдік санда жұмыс берушінің актілерін орындай отырып, жұмысты белгілі бір мамандығы, біліктілігі немесе лауазымы бойынша орындайтын, есепті кезеңде ұйымның тізімінде бар барлық қызметкерлер, сондай-ақ қоғамдық бастамаларда жұмыс істейтін адамдар ескеріледі.

3. 1-бөлімде есепті кезеңдегі қызметкерлердің орташа алғандағы тізімдік саны көрсетіледі.

Есепті кезеңдегі қызметкерлердің орташа алғандағы тізімдік саны есепті кезеңдегі әр айдың соңындағы қызметкерлердің орташа арифметикалық санына тең.

4. 2-бөлімде есепті кезеңде экономикалық қызмет түрінің жүзеге асырылуы туралы ақпарат көрсетіледі.

5. 3-бөлімде егер кәсіпорын қандай да бір экономикалық қызметті (өндірілген (өткізілген) тауар және (немесе) қызметтерді көрсету) жүзеге асырған болса, онда кесте толтырылады:

В бағанында кәсіпорындардың қызмет түрінің атауы көрсетіледі;

1-бағанда Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрайымының 2008 жылғы 20 мамырдағы № 67 бұйрығымен бекітілген Экономикалық қызмет түрлерінің номенклатурасына сәйкес (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) коды көрсетіледі. Егер ЭҚЖЖ кодын таңдауда қиындық болғанда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің тиісті аумақтық Статистика департаментіне жүгінуді ұсынамыз;

2–бағанда өндірілген өнім, өткізілген тауар мен көрсетілген қызметтердің көлемі көрсетіледі.

Өткізілген өнім, өткізілген тауар және көрсетілген қызметтердің (қайта сату үшін сатып алынған тауарлардың құнын, қосылған құн салығын есепке алмай, акцизсіз), кәсіпорынның ішінде пайдаланылған өнім, тауар және көрсетілген қызмет көлемін, қоймалардағы және сатуға арналған дайын өнім қорының өзгеруін, аяқталмаған өндірістің және құрылыстың қалдықтарының өсуін ( азаюын) қосындылаумен анықталады:

1) өнеркәсіптік өнім (тауар, қызмет) өндірісінің көлемі - бұл басқа тарапқа өткізуге арналған, кәсіпорындар өзі шығарған барлық дайын бұйымдардың ( өнімдердің), жартылай фабрикаттардың құны. Қосылған құнға салықсыз, акциздерсіз және зауытішілік айналымсыз, аяқталмаған өндіріссіз және алыс-беріс шикізатынсыз есептеледі;

2) құрылыс жұмыстарының көлемі барлық қаржыландыру көздері есебінен жаңа объектілер құрылысы, күрделі және ағымдағы жөндеу, қайта жаңарту, тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды және инженерлік имараттарды жаңғырту бойынша бас, тікелей және қосалқы мердігерлік шарттар бойынша орындалған құрылыс-монтаж жұмыстары, сондай-ақ өзге де мердігерлік жұмыстар құнын қамтиды;

3) сауда қызметімен айналысатын кәсіпорындар үшін өндірілген өнімнің және көрсетілген қызметтің көлемі тауарларды өткізуден түскен табыс пен тауарларды сатып алуға жұмсалған шығыстардың арасындағы айырмашылық

болып табылады. Сатып алынған тауарлардың құнына тең немесе төмен бағада тауарлар өткізілгенде сауда қызметі бойынша өндірілген өнімнің және көрсетілген қызметтің көлемі айналым шығындарының шамасына тең болады;

4) қаржы делдалдығының (микроқаржылық ұйымдар (микрокредиттік ұйымдар, кредиттік серіктестіктер), ломбардтар, басқалар) өндірілген өнімі мен көрсетілген қызметтерінің көлемі қаржы делдалдары алған меншіктен түскен табыстар (өзінің меншікті құрал-жабдықтарын инвестициялау арқылы алған таза табыстан басқа) мен кредиторларға төленген пайыздар арасындағы айырма ретіндегі жанама жолмен анықталатын қызметтің құны болып табылады.

5) бір реттік, біржолғы экономикалық қызмет түрлерін орындаған жағдайда, кестеде экономикалық қызмет түрі көрсетілмейді.

6. Респондентте есепті кезеңде осы статистикалық нысан бойынша деректер болмаған жағдайда респондент ағымдағы кезеңнің аяқталатын күнінен кешіктірмей нөлдік көрсеткіштермен статистикалық нысанды (дерексіз нысан) ұсынады.

7. Осы статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электронды форматта жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды форматта толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Интернет-ресурсында (www.stat.gov.kz) орналасқан "on-line режимде деректерді жинау" ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК